

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Куркимбаева Айжан Муратовнаның
«Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

А.М. Куркимбаеваның диссертациялық зерттеуі ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде туристік блог-дискурста қолданылатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларға арналған өзекті тақырып аясында орындалды. Автор дискурстың заманауи түрлерінің бірі туристік блог-дискурсті кешенді түрде жан-жақты зерттеді. Теориялық материалды шолу және егжей-тегжейлі практикалық зерттеу диссертацияға туристік блог-дискурстың негізгі белгілерін анықтауға және туристік блогингтің интернет-байланыс жанры, оның ақпараттық, бағалауыш, уәждеделген, персуазивті, аффилиативті және әсер ету сипатындағы маңызды рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысында, туристік блогинг туристік дестинациялар мен туристік өнімдерді нарықта ілгерілетудің маңызды алаңына айналды, туристік блог жүргізу тек туристік ақпаратты беру арнасы немесе құралы ғана емес, сонымен қатар адресаттарға туристік өнімді сатып алуға итермелейтін сипатқа ие болуымен түсіндіріледі. Коммуникативтік стратегиялар, сондай-ақ оларды жүзеге асыратын тактика мен тәсілдер, саяхат блогының пост-мәтіндері мысалдары негізінде қарастырылған.

2. Алынған ғылыми нәтижелері

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар тиянақталып, негізгі ойлар түйінделген. Нақтырақ айтсақ:

– Блогинг коммуникациясының негізгі түсініктері блог, блог-дискурске байланысты жасалған ғалымдардың теориялық еңбектеріндегі анықтамалар мен пікірлер талданып, диссертант тарапынан, туристік блогингке туристік медиа, жарнама, PR, маркетингтік және туристік дискурстардың тоғысуында пайда болған гибриді дискурс түрі – туристік блог-дискурске сипаттама берілген.

– Туристік блог-дискурс адресатына әсер ететін тілдік құралдарды анықтауға мүмкіндік беретін лингвистикалық, стилистикалық, дискурсивті, прагматикалық талдау әдістерін біріктіретін лингвопрагматикалық көзқарас тұрғысынан алғаш рет зерттелген. Коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар – туристік блогосферада мақсатқа жетудің перлокутивті тиімділігін жүзеге асыратын тілдік құралдар екендігі анықталған және нақты